

№ _____ бизнес-клиенттердің банктік салым шартына Қосылу туралы өтініш
 («Jusan Bank» АҚ-та, БСН 920140000084, жинақ шотын ашуға және салымды орналастыруға арналған)

Клиенттің атауы:		_____
ЖСН/БСН:		_____
Резиденттік белгісі:		<input type="checkbox"/> Резидент <input type="checkbox"/> Бейрезидент Резиденттілік мемлекеті:
Келесідей шарттарда жинақ шотын (бұдан әрі – Шот) ашып, банк салымын (бұдан әрі – Салым) орналастыруды сұраймын:		
1.	Салымның (өнімнің) атауы	«Удобный»
2.	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 757-бабымен қарастырылған банк салымдарының түрлері	Мерзімдік салым
3.	Кепілдік өтемақысының максималды сомасы (Салым бойынша кепілдік сомасы)	<input type="checkbox"/> ұлттық валютадағы салымдар бойынша 10 000 000 (он миллион) теңге ¹ ; <input type="checkbox"/> шетелдік валютадағы салымдар бойынша 5 000 000 (бес миллион) теңге ¹ . МАҢЫЗДЫ: кепілдік өтемақысы есептелген сыйақыны ескерумен, бірақ, Банктің лицензиядан айырылу күніндегі «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабымен белгіленген максималды (шектік) кепілдік мөлшерінен асырмай депозиттегі қалдық сомасының негізінде төленеді.
4.	Салым валютасы	<input type="checkbox"/> теңге (KZT) <input type="checkbox"/> АҚШ доллары (USD) <input type="checkbox"/> еуро (EUR) <input type="checkbox"/> Ресей рублі (RUB)
5.	Салымды ішінара/мерзімінен бұрын толығымен алу (қайтару) мүмкіндігі	Банк Салымды толығымен алу (қайтару) операциясын Банкке Клиенттің талабы түскен күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей жүзеге асырады. Салымның ішінара алынуы (қайтарылуы) Клиенттің талабы түскен күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей төмендетілмейтін қалдық сомасына дейін жүзеге асырылады.
6.	Минималды Салым сомасы немесе төмендетілмейтін қалдық	_____ (_____) теңге/АҚШ доллары/еуро/Ресей рублі
7.	Салым мерзімі	_____ (_____)
8.	Сыйақы мөлшерлемесі	жылдық _____ % (_____ пайыз)
9.	Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі	жылдық _____ % (_____ пайыз)
10.	Салым бойынша сыйақыны төлеу шарттары	Қазақстан Республикасының салық заңнамасында қарастырылуы жағдайында төлем көзіндегі табыс салығын ұстаумен _____ ашылған № __ ағымдағы шотына: <input type="checkbox"/> Салым мерзімі аяқталған күні; <input type="checkbox"/> есептік айдан кейінгі келесі айдағы бірінші жұмыс күнінде ай сайын; <input type="checkbox"/> Салым ашылған күннен бастап, келесі жұмыс күнінде күн сайын.
11.	Салымды мерзімінен бұрын толығымен/ішінара алу (қайтару)	Салымды мерзімінен бұрын толығымен алу (қайтару) кезінде:

¹ Аталмыш шарттар Заңға сәйкес заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғамен/жеке нотариуспен/жеке сот орындаушысымен/шаруа (фермер) қожалығымен/кәсіби медиатормен/адвокатпен шарт жасасу кезінде қолданылады

	жағдайындағы сыйақы мөлшерлемесі (мөлшерлемелері) немесе оны (оларды) анықтау тәртібі	1) Салымды сақтау мерзімі іс жүзінде 1 (бір) айдан аз болған жағдайда – сыйақы 0 % (нөл пайыз) мөлшерлемесі бойынша төленеді; 2) Салымды сақтау мерзімі іс жүзінде 1 (бір) не одан да көп ай болған жағдайда – сыйақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында қарастырылуы жағдайында төлем көзіндегі табыс салығын ұстаумен Шартты бұзу күнінде қолданылатын «До востребования» салымының мөлшерлемесі бойынша төленеді (қайта есептеледі). Салым төмендетілмейтін қалдық сомасына дейін ішінара алынған (қайтарылған жағдайда, есептелген сыйақы сақталады).
12.	Салымды толтыру мүмкіндігі, Салымды толтыру кезінде қолданылатын шектеулер	Салымды максималды Салым сомасына дейін толтыруға жол беріледі.
13.	Салым мерзімін ұзарту шарттары (Салымды ұзарту)	Салым мерзімін ұзарту кезінде мөлшері Салым мерзімін ұзарту күнінде қолданылатын сыйақы мөлшерлемесіне сәйкес белгіленетін сыйақы мөлшерлемесін қоспағанда, дәл сол шарттарда және дәл сол мерзімге шексіз рет автоматты түрде ұзартуға жол беріледі (Шартта Салым мерзімінің ұзартылуы жасалмайтын ерекше жағдайлар көзделген).
14.	Алғашқы орналастыру сомасы	() теңге/АҚШ доллары/еуро/Ресей рублі
15.	Салымды ашу режимі	<input type="checkbox"/> Банктің «Jusan Bank» АҚ-та ашылған № _____ ағымдағы шотынан Салымды алғашқы орналастыру сомасын есептен шығаруы. Клиент аталмыш ағымдағы шотты тікелей дебеттеу арқылы Банктің осындай есептен шығаруына өз келісімін береді. <input type="checkbox"/> Клиенттің Шот ашылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Салымды алғашқы орналастыру сомасын аударуы.
16.	Қосымша жарналарды ескергендегі максималды Салым сомасы	___ () теңге/АҚШ доллары/еуро/Ресей рублі
17.	Салымды «Депозит-Гарантия» салымына аудару шарттары	Ақшаны Шоттан «Депозит-Гарантия» салымы бойынша жинақ шотына аудару рәсімі есептелген сыйақыны сақтаумен Салым бойынша шарттардың бұзылуынсыз жүзеге асырылады. Ерекше жағдай – ақша оны «Депозит-Гарантия» салымы бойынша жинақ шотына аудару мақсатында алынған кездегі төмендетілмейтін қалдыққа қатысты шарттың бұзылуы. Осындай жағдайда Шот жабылмайды, Салым оның бастапқы шарттарында Салым мерзімінің аяқталуына дейін жарамды бола береді.
Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексіне сәйкес, Салым бойынша есептелген сыйақыны төлеу кезінде төлем көзінен өндірілетін табыс салығы:		<input type="checkbox"/> ҰСТАЛАДЫ <input type="checkbox"/> ҰСТАЛМАЙДЫ
Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес, Бизнес-клиенттердің банктік салым шартына (мәтінге сәйкес – Шарт) Қосылу туралы осы өтінішпен Клиент Шартқа қол қою күніндегі жай-күйге қарай «Jusan Bank» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк) www.jusan.kz мекенжайы бойынша орналасқан Интернет-ресурсында жарияланған редакциядағы Шарттың талаптарын қабылдайды, оған қосылады және келесіні растайды: 1) Клиент Шартты оқып шығып, ешбір ескертулерсіз және қарсылықсыз толық көлемде қабылдады және Шарттың мазмұнында Клиент ақылға қонымды мүдделеріне байланысты қабылданбас, ол үшін қандай да бір ауыртпалықты талаптар жоқ; 2) Қосылу туралы осы өтініш және Шарт бірыңғай құжат ретінде қарастырылады;		

3) Шартта қарастырылған тәртіпте Шарттың өзгертілуіне және (немесе) толықтырылуына келіседі;

4) Банкте Қосылу туралы осы өтініш болған жағдайда, Клиенттің Шартты оқымағанының/қабылдамағанының дәлелі ретінде Шартта [уәкілетті тұлғалар]² қолының және мөрінің³ жоқ болуына сілтеме жасауға құқылы емес;

5) Банк Шарт бойынша банк қызметтерін көрсету шарттары, мөлшерлемелер және тарифтер, жинақ шотын ашу туралы шешімді қабылдау мерзімдері, Шартты жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі, Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау жағдайындағы жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер, (болмауы жағдайында) Банкте ағымдағы банк шотын ашу қажеттілігі, аясында ағымдағы шот ашылатын шарттың талаптары және ағымдағы шотқа қызмет көрсету тарифтері туралы толық ақпаратты берді;

6) Банктің депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесіне қатысатыны және «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен қарастырылған кепілдік өтемақысын төлеу шарттары, мерзімдері және тәртібі жайында хабардар етілген. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен қарастырылған кепілдік өтемақысын төлеу шарттары, мерзімдері және тәртібі туралы хабарлама Банктің www.jusan.kz мекенжайы бойынша орналасқан Интернет-ресурсында жарияланған;

7) келесідей құжаттың шарттарымен танысты: Банктің Интернет-ресурсында жарияланған Шартқа Қосылу туралы осы өтініштің ажырамас бөлігі болып табылатын деректердің жиналуына және өңделуіне қатысты келісім (бұдан әрі – Келісім), оны қабылдайды және жеке тұлғалардың (өз қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының/құрылтайшыларының/бенефициарлық меншік иелерінің) тиісті түрде ресімделген келісімдеріне ие екендігіне кепілдік береді. Сонымен қатар, жеке тұлға болып келетін Клиент және Клиенттің өкілі болып келетін жеке тұлға Келісімде қарастырылған шарттарда Банкке оған (оларға) қатысы бар бүкіл ақпараттың, соның ішінде оның (олардың) дербес деректерінің, солардың ішінде биометриялық, электронды, қағаз және кез келген басқа тасымалдағышта жазылған деректердің Клиент тарапы болып табылатын шарттарды (мәмілелерді) жасасу және орындау мақсаттарында, сондай-ақ, Келісімде белгіленген өзге мақсаттарда жиналуына, өңделуіне, соның ішінде шекара арқылы табысталуына және үшінші тұлғаларға табысталуына қатысты шартсыз келісімін береді. Осы келісім күшінде болатын кезең: Шартқа Қосылу туралы осы өтінішке қол қойған сәттен бастап, дербес деректер субъектісі келісімді жазбаша нысанда қайта шақыртқан күнге дейінгі уақыт аралығы.

КЛИЕНТ

(атауы, пошта индексі, орналасқан мекенжайы, телефон нөмірлері, e-mail)

БСН/ЖСН	ЖСК	ашылған	БСК	БЕК
Жетекші/Шотты ашу уәкілеттігі берілген тұлға		лауазымын, ТАӘ, ЖСН көрсетіңіз		
келесідей құжаттың негізінде әрекет ететін				

(қолтаңбасы/Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілі⁴)

М.О.³

« »

20 жыл

БАНКТИҢ БЕЛГІЛЕРІ

«Jusan Bank» АҚ, A26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Н. Назарбаев д-лы, 242-үй, БСН 920140000084, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дегі ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA		
«Jusan Bank» АҚ филиалы ⁵	Филиалдың атауы ⁵ :	
Шот ашылды	ЖСК	Шот валютасы
	№	KZT/USD/EUR/RUB
Клиент «Jusan Bank» АҚ-пен ерекше қатынастармен байланысқан тұлға/оның байланысқан тарапы болып табылады:	<input type="checkbox"/> ИӘ <input type="checkbox"/> ЖОҚ	

² Заңды тұлғалардың, заңды тұлғалар филиалдарының және өкілдіктерінің жағдайында қолданылады

³ Мөр жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының немесе өкілдіктерінің жағдайында, сондай-ақ, жеке сот орындаушыларының, жеке нотариустардың жағдайында қажет болады

⁴ Шот «Интернет-банкинг» жүйесі арқылы ашылған жағдайда, Клиент осы Өтінішті Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілімен растайды. Клиентті сәйкестендіру және Шотты ашуға арналған құжаттарды тексеру автоматты режимде электронды тәсілмен жүргізіледі, бұл жайында Банк «Банктің белгілері» бөлімінде тиісті жазбаны белгілейді.

⁵ Шотты «Интернет-банкинг» жүйесі арқылы ашқан кезде бұл жол толтырылмайды

Шоттың ашылғаны туралы хабарламаны мемлекеттік кірістер органдарына жіберу қажет:		<input type="checkbox"/> ИӘ <input type="checkbox"/> ЖОҚ
Орындаған ⁵	ТАӘ	(қолтаңбасы, мәртабаны (бар болуы жағдайында), күні)
ОБ жауапты қызметкері ⁵	ТАӘ	(қолтаңбасы, мәртабаны (бар болуы жағдайында), күні)